

**Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 25/153-VI " Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 42/272-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 сәуірде № 4972 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 11/78-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 21.02.2024 № 11/78-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 25/153-VI "Қазығұрт ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4388 тіркелген, 2018 жылғы 26 қаңтардағы "Қазығұрт тынысы" газетінде және 2018 жылғы 23

қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің "Қазығұрт ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері" деген қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. "Қазығұрт аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгілінген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ә. Қожахан  
У. Копеев*

Қазығұрт аудандық  
мәслихатының 2019  
жылғы 28 наурыздағы  
№ 42/272-VI шешіміне  
қосымша  
Қазығұрт аудандық  
мәслихатының 2017  
жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 25/153-VI шешіміне  
қосымша

### **Қазығұрт ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері**

| №<br>P/c | Атаулары   | Есептік бірлік | Баға, теңгемен |
|----------|--|----------------|----------------|
| 1        | Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері |                |                |
| 1.1      | Жайлы үйлер  | 1 адам         | 105            |
| 1.2      | Жайсыз үйлер                                       | 1 адам         | 94             |

|     |  |              |      |
|-----|--|--------------|------|
| 1.3 | Занды тұлғалар   | 1 текше метр | 1189 |
| 2   | Тұрмыстық қаты қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері |              |      |
| 2.1 | Жеке тұлғалар  | 1 текше метр | 105  |
| 2.2 | Занды тұлғалар   | 1 текше метр | 260  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК